

**«Айыртау аудандық ауруханасының» ШЖҚ КМК мемлекеттік
қызметтер көрсету саласындағы 2025 жылғы қызметі туралы есепті
жария талқылау**

Саумалкөл ауылы

2026 жылғы 28 наурыз,
сағат 15:00

Қатысқандар:

«Айыртау аудандық ауруханасының» директоры – Таганиязов Н.М.,
медициналық бөлім бойынша директордың орынбасары – Сейткожина Н.К.,
стратегиялық даму бойынша директордың м.а. орынбасары – Куанова М.И.,
дәрігер-статистик – Коппергенова Б.Ш., мемлекеттік қызметтер көрсететін
Айыртау аудандық ауруханасының мамандары.

Барлығы 21 адам қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ

- 1. 2025 жылдағы мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есеп.**
- 2. 2026 жылға мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын жақсарту жөніндегі іс-шаралар.**

Есеппен дәрігер-статистик Коппергенова Б.Ш. сөз сөйледі.

2025 жылғы есептің қорытындысы бойынша қызмет алушылардан шағымдар түскен жоқ. Қызмет көрсетушілер тарапынан қойылған сұрақтарға түсіндірмелер берілді.

Есепті жария талқылау қорытындысы бойынша келесі ұсынымдар берілді:

1. Электрондық форматта көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің үлесін арттыру бойынша шаралар қабылдау.

2. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңын, бекітілген стандарттарды және оларға енгізілген өзгерістерді егжей-тегжейлі зерделеу.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарына енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Айыртау аудандық ауруханасының ресми сайтында мемлекеттік қызметтерді көрсету тәртібі туралы ақпараттың уақтылы жаңартылуын қамтамасыз ету.


4. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді мобильді қосымшалар мен ақпараттық ресурстар арқылы алудың артықшылықтары туралы азаматтар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жандандыру, халықты толыққанды ақпаратпен қамтамасыз ету.

5. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді белгіленген мерзімдерде көрсетуді сақтау.

Мерзімі: тұрақты.

6. Осы хаттаманың орындалуын бақылау стратегиялық даму жөніндегі директордың орынбасары Куанова М.И.-ға жүктелсін.

/ Төрағасы



Тағаниязов Н.М.

Хатшы

Коппергенова Б.Ш.